

**"Құлсары қаласы аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындау қағидасын бекіту туралы" Жылыой ауданы мәслихатының 2014 жылғы 25 қыркүйектегі № 23-7 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Атырау облысы Жылыой аудандық мәслихатының 2022 жылғы 25 наурыздағы № 16-8 шешімі. Күші жойылды - Атырау облысы Жылыой аудандық мәслихатының 2023 жылғы 20 желтоқсандағы № 10-6 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Жылыой аудандық мәслихатының 20.12.2023 № 10-6 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Жылыой аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. "Құлсары қаласы аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындау қағидасын бекіту туралы" Жылыой ауданы мәслихатының 2014 жылғы 25 қыркүйектегі № 23-7 шешіміне ( Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 3017 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

1) шешімнің тақырыбы келесідей редакцияда жазылсын:

"Құлсары қаласы аумағында жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындау қағидасын бекіту туралы";

2) көрсетілген шешімнің 1 тармағы келесідей редакцияда жазылсын:

"Құлсары қаласы аумағында жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін шағын аудан, көше тұрғындары өкілдерінің санын айқындау қағидасы қосымшаға сәйкес бекітілсін";

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Мәслихат хатшысы*

*С. Таласов*

Жылыой ауданы мәслихатының  
2022 жылғы 25 наурыздағы  
№ 16-8 шешіміне қосымша

**Құлсары қаласы аумағында жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындау қағидасы**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Құлсары қаласы аумағында жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындау қағидасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына сәйкес әзірленді және Құлсары қаласы аумағында жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін шағын аудан тұрғындары өкілдерінің санын айқындау тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидада мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жергілікті қоғамдастық – шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы;

2) жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны – шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы.

**2-тарау. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің тәртібі**

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін Құлсары қаласы аумағы шағын аудандарға бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін саны үш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

5. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Құлсары қаласы әкімі шақырады және ұйымдастырады.

6. Жергілікті қоғамдастықтың халқына жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы, Құлсары қала әкімі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабарлайды.

7. Бөлек жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуді Құлсары қаласы әкімі ұйымдастырады.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының ашылуы алдында тиісті шағын аудандардан қатысып отырған, оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы шағын ауданда тұратын және оған қатысуға құқығы бар тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

9. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Құлсары қаласы әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Құлсары қаласының әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жергілікті қоғамдастық жиынының төрағасы болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыс берумен хатшы сайланады.

10. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін шағын аудан тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын ауданның мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жергілікті қоғамдастық жиынына қатысушылар ұсынады.

11. Дауыс беру ашық тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп даусын жинаған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

12. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және "Аудандық маңызы бар Құлсары қаласы әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесіне беріледі.

13. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін көше тұрғындары өкілдерінің санын айқындау тәртібі келесідей болып белгіленсін:

Құлсары қаласы					
р/с	Шағын аудандар	Тұрғындар саны	Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысатын адамдар саны	Кәмелетке толмағандар, сот әрекетке қабілетсіз деп таныған және сот үкімімен бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдар саны	Өкілдер саны
1	"Барлаушы" шағын ауданы (№93, №94, №95, №96, №97, №98, №99, №100, Ы.Мұхамбетов көшелері);	743	427	316	1

2	"Самал" шағын ауданы (№75, №76, №77, №78, №282, №336, №337, Д.Алдахов, Б.Нысанбаев, С.Шарипов, Б.Қызылбасов, Қ.Кенжеғалиев көшелері, және Махамбет даңғылының бойындағы үйлер);	1438	826	612	1
3	"Мұрагер" шағын ауданы (№311, №312, №313, №314, №315, №316, Ш.Оразалиев көшелері);	593	339	254	1
4	"Мерей" шағын ауданы (Б.Атағожиев, А.Мұханбаев, Т.Мәмбетов, Т.Дешенов, К.Көзеев, №87, №88, №89, №90, №91, №92 көшелері);	985	566	419	1
5	"Шұғыла" шағын ауданы (№129, №130, №131, №132, №133, №134, №135, №136, №137, №138, №139, №140, №141, №142, №143, №144, №145, №146, №147, №148, №149, №150, №275, №280, №281, №302, №303, №307, №308, №310, Д.Әжіғалиев көшелері);	2244	1397	847	2
	"Мұнайшылар" шағын ауданы (Т.Құлтумиев,				

6	<p>Қ.Есалиева, М.Сатыбалдиев, Қ.Байшаханов, Ә.Карабалин, А.Кемелов, Д.Жазықбаев, М.Далбаев, М.Боранбаева, А.Беклиев, Ұ.Абдрахманов, Е.Халықов, № 151, №152 көшелері және Махамбет даңғылының бойындағы үйлер);</p>	2248	1398	850	2
7	<p>"Мереке" шағын ауданы (№101, №102, №103, № 104, №120, № 121, №122, № 123, №124, № 125, №126, № 127, №128, № 271, №272, № 273, №274, К.Қашаған, Т.Бекбаулиев, Х.Ғабдуллин, З.Есенов, К.Төлесінов, Т.Даулетов, А.Сұлтанов, № 100 көшелері);</p>	3561	2040	1521	3
8	<p>"Думан" шағын ауданы (№181, №182, №183, № 184, №185, № 186, №187, № 188, №189, № 190, №191, № 192, №193, № 194, №195, № 196, №197, № 198, №299, № 301, №374, О.Ыбраев, А.Бисенбаев, Б.Шөкеев, М.Алиев, М.Мұхтаров, А.Бегебаев, С.Самарханов,</p>	4521	2648		3

	Р.Қараманов, Б.Ербосынов, Б.Бисенқұлов, А.Дүйсенбеков, И.Тайманов көшелері);			1873	
9	"Бірлік" шағын ауданы ( Ж.Ізғұрғанов, № 153, №154, № 155, №156, № 157, №158, № 159, №160, № 161, №162, № 163, №164, № 165, №166, № 167, №168, № 169, №170, № 171, №172, № 173 , М.Нұрманов, Д.Артығалиев, К.Барахатов, Б.Бойжанов, Төле би, А.Завершинский көшелері, Махамбет даңғылы бойындағы үйлері);	4220	2454	1766	3
10	"Атамұра" шағын ауданы ( №236, №237, № 238, №239, № 240, №241, № 242, №243, № 244, №245, № 246 , А.Қорғанбаев, А.Тайпанов, С.Карабалин, К.Иманғалиев, Ө.Ақтоғайұлы, А.Аманбаев, Б.Өтеулиев көшелеріндегі үйлер; Нарынбай батыр көшелері);	2600	1429	1171	2
	"Теміржол" шағын ауданы ( №259, №309,				

11	Ы.Алтынсарин, Ж.Аймауытов көшелері);	1403	790	613	1
12	"СМП-615" шағын ауданы ( №250, №251, № 252, 253, №254, №255, №256, № 257, №258, № 283,№284, №285 , №286, №287, №288, №289, № 290, №291, № 292, №293, № 294, №295, № 296, №297, № 298, №305, 306, Нарынбай батыр көшесінің шығыс жағындағы үйлер);	1651	928	723	1
13	"Автожолшылар " шағын ауданы (№200, №339, № 340, №341, № 342, №343, № 344, №345, № 346, №347, № 348, №349, № 350, №351, Н.Оңдасынов, Қ.Аманжолов, А.Қауқаев, Ғ.Қожағұлов, Е.Тауманов, Б.Шолак, А.Секербаев, С.Датов көшелері);	3323	1886	1437	2
14	1 шағын ауданы (Ж.Таңқыбаев, №217, №218 көшелері);	4813	2808	2005	3
15	3 шағын ауданы (№219, №220, № 221, №222, Қ.Сатанғұлов, Ш.Ізбасов көшесінің 3 шағын ауданы жағындағы үйлері);	4488	2619	1869	3

16	"Кең Жылыой" шағын ауданы ( Ғ.Саркытов, І.Жансүгіров, Қ.Сағырбайұлы, А.Құнанбаев, Ж.Жабаев, №79, №80, №81, №82, №83, №84, №85, №86 көшелері және Махамбет даңғылы бойындағы үйлер);	1591	915	676	1
17	"Жадырасын" шағын ауданы ( №38, №39, №40, №41, №42, №43, №44, №45, №46, №47, №48, №49, С.Мұханов, М.Дулатов, Қ.Қуатбаев, Т.Қазанғапұлы, С.Торайғыров, Ғ.Құрманғалиев, Ш.Уалиханов, Б.Момышұлы, К.Закарияұлы көшелері);	1966	1096	870	2
18	"Достық" шағын ауданы (№105, №106, №107, №108, №109, №110, №111, №112, №113, №114, №115, №116, №117, №118, №119, №121, №174, №175, №176, №177, №178, №179, №180 №338, Е.Омаров, Н.Арқабаев, Д.Тәттібаев көшелері);	2653	1524	1129	2
19	"Мирас" шағын ауданы ( А.Жангелдин, Д.Нұрпейсова, М.Жұмабаев, М.Маметова,	968	551		1



	А.Молдағұлова, С.Сейфуллин, Б.Майлин, Ө.Алдахов көшелері);			417	
20	"Автожолшылар " шағын ауданы (№199, №201, № 202, №203, № 204, №205, № 206, №207, № 208, №209, № 210, №211, № 351, №352, № 353, №354, № 355, №356, № 357, №358, № 359, №360 №361 , №362, №363, №364, №365, № 366, №367, № 368, №369, № 212, №213 №214 , №215, №216, С.Дүйсенбеков көшелері);	3541	2019	1522	3
21	"Береке" ықшам ауданы (№277, №278, №375, № 376, №377, № 378, №379, № 380, №381, № 382, №383, № 384 көшелері);	483	274	209	1
22	"СМП-224" шағын ауданы ( №266, №267, № 268, №269, Р.Балмұханов, М.Таңқыбаев көшелері);	1582	891	691	1
23	"Атамұра" шағын ауданы ( №260, №261, № 262, №263, № 264, №265, № 279, №304, № 247, №248, № 249 көшелері, Нарынбай батыр көшесінің батыс жағындағы үйлер);	934	529	405	1

24	2 шағын ауданы (№232, №233, №234, №235, М.Кенғанов көшелері, Ш.Ізбасов көшесінің 2 шағын ауданы жағындағы үйлер);	2178	1167	1011	2
25	4 "а" шағын ауданы (Төремұрат батыр, №227, №228, №229, №230, №231, №300, №317, №318, №319, №373 көшелері, Ш.Ізбасов көшесінің 4 шағын ауданы жағындағы үйлер,	1951	1129	822	1
26	5 шағын ауданы (№223, №224, №225, №226, №270, Қ.Сыдықов, Ұ.Махамбетов, І.Сариев көшелері);	2318	1352	966	1
27	"Аэропорт" шағын ауданы (№50, №51, №52, №53, №54, №55, №56, №57, №58, №59, №60, №61, №62, №63, №64, №65, №66, №67, №68, №69, №70, №71, №72, №73, №74, №276, №320, №321, №322, №323, №324, №325, №326, №327, №328, №329, №330, №331, №332, №333, №334, №335, №370, №371, №372, Ж.Надилов, Қ.Мұнайтпасов,	4220	2463		3

Қ.Сәтпаев, М.Әуезов, Д.Қонаев, С.Иманғалиев, Н.Аязбаев, О.Мекебаев көшелері).			1757	
---	--	--	------	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК